

Бейсенов Төлен

1902 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына шақырылғанға дейін колхозда жұмыс жасаған. 1942 жылы майданға шақырылып, Прибалтикада қалаларды жаудан босату ұрыстарына қатысқан. Осы жылы Эстонияның Талин қаласын азат ету соғысында жараланып, госпитальда емделіп, елге оралған. Елге келген соң тылда еңбек етті. Жылқы фермасының меңгерушісі болып жүріп, 1948 жылы 4 қазанда «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. Бұдан басқа «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және 4 мерекелік медальдармен марапатталған. 1981 жылы наурыз айында өмірден өткен.





